

**"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 637 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы"**

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**1-бап.** "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 154-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

6-баптың 2-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шегінде облыстар, Астана мен Алматы қалаларының арасында бөлуге";

7-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін орталық атқарушы орган бөлген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұру және кері қайтарып алу;

**1 1 - б а п т а :**

**2 - т а р м а қ                      а л ы н ы п                      т а с т а л с ы н .**

**2-бап.** Осы Заң 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолдануға енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*